

## Медиа студиядағы қауіпсіздік ережелері!

- Телестудия жетекшісінің рұқсатынсыз техниканы өз бетінше пайдалануға қатаң тыйым салынады;
- Компьютерлерді, жарықтандыру құралдарын тоқ көздеріне өз еркімен қосуға (ажыратуға) тыйым салынады;
- Жетекшінің рұқсатынсыз техниканы шығаруға, бейтаныс адамдарға беруге, аудио, фото-бейне құрылғылардың (қосалқы құралдардың) сыртқы және ішкі жай-күйіне зақым келтіруге, құрылғылардың тұрақты жұмыс жағдайын өзгертуге (әдепкі баптауларды – настройки по умолчанию), флеш-карталарды (басқа тасығыштарға) ауыстыруға тыйым салынады;
- Оқушы телестудия құралдарын ұқыпты пайдалануға, тазалықты сақтауға, өз материалдарын компьютерлердің біріне уақтылы көшіруге және құралдарды бастапқы орынға жинауға міндетті;
- Оқушылар материалдарды қолдануға, сақтауға, таратуға және жоюға құқылы;
- Оқушылар түсірілетін фото-видеолардың, сондай-ақ аудиожазбалардың сапасы мен мазмұнына назар аударуы тиіс. Материалдар адам құқығына қайшы келмеуі керек. Фото-видео және аудио жазбаларда әдепсіз қылықтар, бейәдепсіз сөздер, үшінші тұлғаның ар-намысы мен жеке басына қайшы келетін жағдайлар болмауы керек. Анықталған жағдайлар курс жетекшісіне дереу хабарлануы керек;
- Компьютерлерді немесе қосалқы құралдарды (телестудиядан тыс) жеке қажеттіліктер үшін пайдалануға жол берілмейді. Софт-бағдарламаларды жүктеуге және орнатуға, сабақ кезінде әлеуметтік желілерді пайдалануға тыйым салынады;
- Оқушы үйірмеге қатыса отырып, сыни ойлау дағдыларын арттырады, БАҚ жұмысымен танысады, сапалы фото-бейне-аудиожазбалар жасауды үйренеді, дәрістер тыңдайды және өз шығармашылығымен бөліседі;
- Қатысушылар жетекшінің тапсырмаларын белгіленген мерзімде орындауға, өзінің жұмыс орнын жинауға және басқа қатысушыларға ыңғайлы жағдай жасауға міндетті;
- Сабаққа сыртқы киіммен, сөмкемен, ыстық тамақпен немесе сусындармен қатысуға тыйым салынады;
- Элективті курсқа қатысушылар басқалардың пікірін құрметтеп, түсінбеген жағдайда топ жетекшісіне жүгінуі тиісті;
- Өрт кезінде 101-ге қоңырау шалу қажет;
- Жедел медициналық көмекті шақыру үшін 103 номеріне қоңырау шалу керек.

*Ереже мектеп әкімшілігімен мақұлданған*